



«Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі» мамандығы бойынша XVI Республикалық студенттік пәндік олимпиаданы өткізу бойынша АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттері арасында «Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі» мамандығы бойынша XVI Республикалық пәндік олимпиаданың II этап кезеңі **2024 жылдың 16-17 мамырында** Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде өткізіледі.

XV Республикалық студенттік пәндік олимпиадаға Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының «Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі» білім беру бағдарламасының күндізгі бөлімінің 1-4 курс студенттерінен құралған командалар қатыса алады.

Бір оқу орнынан 1 командадан артық қатысуға болмайды. Команда 3 адамнан құралады.

Республикалық студенттік пәндік олимпиаданың I-II кезеңінде қатысушыларға қойылатын талаптар:

1. Қатысушы студенттердің анықталған мамандыққа сәйкестігі;

2. Қатысушылар Олимпиаданың университет ішіндегі кезеңінің нәтижесінде ұйымдастырушылық комитеттің rpo_rdgb@mail.ru электронды мекен-жайына **2024 жылдың 6 мамырынан** кешіктірмей келесі құжаттарды жіберу қажет:

- өтінімнің сканерленген нұсқасы (1 Қосымшаға сәйкес);
- университеттік кезеңінің нәтижелері бойынша хаттама;
- іріктеу кезеңінің тапсырмасы.

Олимпиаданың жұмыс тілдері – қазақ, орыс және ағылшын.

Олимпиада **іріктеу кезеңінен және 2 негізгі кезеңнен** тұрады: «Reels» (іріктеу кезеңі), «Капитандар сайысы» (I кезең), «Жобалық жұмыс» (II кезең).

«Reels» іріктеу кезеңі: команда Instagram әлеуметтік желісі үшін мейрамханалық тақырыптағы (лайфхактар, ұсыныстар және т.б.) Reels пішіміндегі қысқаша бейне роликті дайындайды және түсіреді. Видео Instagram әлеуметтік желісінде @marketing_ksu akkaунтын белгілеу негізінде орналастырылады. Сонымен бірге бейнероликке сілтеме, команданың өтінімімен бірге ұйымдастыру комитетінің rpo_rdgb@mail.ru электронды мекенжайына 2024 жылдың 6 мамырына дейін (Астана қ. уақыты бойынша 00:00 сағ. дейін) жіберіледі. Хатта көрсетілетін ақпарат: «Олимпиада_ЖОО атауы_РДГБ_іріктеу».

Іріктеу кезеңінің нәтижелері 2024 жылғы 8 мамырда жарияланады. (Астана қ. уақыты бойынша сағат 00:00-ге дейін) және олимпиаданың негізгі турларына қатысуға шақыра отырып, ғылыми жетекшілердің электрондық пошта адресіне жіберілді.

I кезең «Капитандар сайысы». Команда капитандары Олимпиаданы ұйымдастыру комитеті ұсынған теориялық және практикалық тапсырмаларды шешеді.

II кезең «Жобалық жұмыс». Команда «Қоғамдық шағармашылық нысанын дамыта отырып, Қазақстанда бірегей қонақ үй концепциясын құру» тақырыбында презентация түрінде жобаны әзірлейді және ұсынады. Презентация Microsoft PowerPoint, Canva, Crello және басқа редакторларда (таңдау бойынша) орындалады. Презентациямен бірге командалар қонақ үйдің физикалық макетін ұсынуы талап етіледі.

Олимпиада жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі жеке есепте Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің дипломдарымен, командалық есепте Е.А. Бөкетов

атындағы Қарағанды университетінің дипломдарымен, ал команданың ғылыми жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады.

Олимпиаданың негізгі мерзімдері:

Мерзімі	Іс-шара	Жауапты тұлғалар
06.05.2024	Олимпиаданың іріктеу кезеңі	Бағыттаушы университеттер
08.05.2024	Олимпиаданың негізгі кезеңіне өткен командалардың тізімін анықтау, шақыртуларды тарату	Ұйымдастырушы комитет
16.05.2024		
9.30-10.00	Тіркеу	Ұйымдастырушы комитет
10.00-10.30	Олимпиаданың ашылуы	Ұйымдастырушы комитет
11.00-13.00.	I кезең «Капитандар сайысы»	Ұйымдастырушы комитет
13.00-14.00	Түскі ас	
14.00-17.00	II кезең «Жобалық жұмыс»	Ұйымдастырушы комитет
17.05.2024		
11.00	Жеңімпаздарды марапаттау және Олимпиаданың жабылуы	Ұйымдастырушы комитет
*Олимпиада бойынша толық ақпарат Ережеде көрсетілген		

Барлық сұрақтар бойынша олимпиаданың ұйымдастыру комитетіне келесі телефон номерлері бойынша хабарласуға болады: **+77770711671 (Торжанова Данагуль Асетовна)**.
Тек жұмыс уақытында жазуды/қоңырау шалуды сұраймыз.

Олимпиаданың мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Университетская көшесі, 28 д., академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ бас ғимараты.

Қосымша 1

«Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі» мамандығының студенттері арасындағы
XVI Республикалық пәндік олимпиадаға қатысуға өтінім

1. ЖОО атауы

2. Ғылыми жетекші туралы мәліметтер:

2.1 Аты-жөні, ғылыми дәрежесі (бар болса), ғылыми атағы (бар болса), лауазымы*

2.2 Байланыс деректері: e-mail, телефон (жұмыс, ұялы)**

3. Команда құрамы (3 адам):

3.1 Капитан мен команда қатысушыларының аты-жөні

3.2 Курс, мамандық, факультет, кафедра (қатысушылардың әрқайсысы бойынша мәліметтерді көрсету)

3.3 Қатысушылардың әрқайсысының байланыс деректері: e-mail, телефон**

4. Команданың атауы (5 сөзден аспауы тиіс)

Факультет деканының немесе кафедра меңгерушісінің қолы, университет мөрі
(міндетті!)

*** Ғылыми жетекшінің және команда қатысушыларының аты-жөнін мұқият тексеруді сұраймыз! Қатысушы команда осы олимпиаданың жеңімпазы болған жағдайда бұл мәліметтер дипломда және алғыс хатта көрсетіледі!**

**** Тек жұмыс істейтін телефон нөмірлерін және ағымдағы электрондық пошта адресін көрсетіңіз, өйткені олар арқылы ғылыми жетекшімен және топ мүшелерімен байланыс жүзеге асырылады!**